

## **Екінші деңгейдегі банктердегі мемлекеттік акция пакеттерін басқаруды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 наурыздағы N 304

Банктердегі қаржы тұрақтылығын нығайту, банктердің жарғылық қорларындағы мемлекет үлесінің бақыланбай жұтылып кетуін болдырмау, аталған мемлекеттік үлеске жекешелендіру жүргізу үшін шарт дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995 жылғы 15 наурыздан бастап, мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылған екінші деңгейдегі банктердің жарғылық қорына ақша қаражаты мен мүлікті орналастыруына тыйым салынсын.

2. Екінші деңгейдегі банктердің жарғылық қорына акциялардың мемлекеттік бақылау пакеттерімен қоса, қаражат және мүлік енгізген мемлекеттік кәсіпорындар мен кәсіпорындар, екінші деңгейдегі банктердің жарғылық қорына енгізілген активтер сомаларына кемітулер жүргізісін. <\*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1996.02.08. N 179 қаулысымен. P960179\_

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, 1995 жылғы 1 сәуірге дейін "Қазагроөнеркәсіпбанк", "Alem Bank Kazakstan", "Қазкредәлеуметбанк", "Тұранбанк" акционерлік банктеріндегі мемлекеттік басқару органдарының үлесін қайта бағалау туралы ұсынысты осы банктерге олар мамандандырылған мемлекеттіктен акционерлік банк болып қайта өзгертілген сәтте және содан кейінгі кезеңде берілген мемлекеттік мүлік пен ақша қаражатының нақты құнын қалпына келтіруді есте ұстай отырып әзірлесін және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне акциялардың бақылау пакеті мемлекетке тиесілі банктерді ұйымдық қайта өзгерту туралы ұсыныс енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, әрі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, 1995 жылғы 1 шілдеге дейін

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне банктердегі мемлекеттің үлесін жекешелендіру туралы ұсыныс енгізсін.

6. Мемлекеттің банктерді бақылау кеңестеріндегі өкілдерін

(мемлекеттің жарғылық қордағы үлесіне сәйкес) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тағайындайды деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің банктердің бақылаушы кеңестеріндегі мемлекеттің өкілдеріне қатысты мәселелер жөніндегі кейбір шешімдерінің күші қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес, жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 20 наурыздағы  
N 304 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің банктердің  
бақылаушы кеңестеріндегі мемлекеттің өкілдеріне  
қатысты күшін жоғалтқан кейбір шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Тұранбанк" Қазақ акционерлік банкі Басқармасының Төрағасы мен Бақылаушы кеңесі туралы" 1994 жылғы 31 қаңтардағы N 117 қаулысының 2-тармағы.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Alem Bank Kazakstan" акционерлік банкі Басқармасының Төрағасы мен Бақылаушы кеңесі туралы" 1994 жылғы 11 сәуірдегі N 366 қаулысының 2-тармағы.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазагроөнеркәсіпбанк" акционерлік банкі Басқармасының Төрағасы мен Бақылаушы кеңесі туралы" 1994 жылғы 19 сәуірдегі N 403 қаулысының 2-тармағы.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазкредәлеуметбанк" акционерлік банкі Басқармасының Төрағасы мен Бақылаушы кеңесі туралы" 1994

жылғы 21 сәуірдегі N 419 қаулысының 2-тармағы.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің акционерлік банктердегі өкілдері туралы" 1994 жылғы 10 қарашадағы N 1256 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 45, 490-бап).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ